



Ұлт саулығы-ұрпаққа аманат!

Құттықтау!

Мейірім мен ізгілік жаршысы

Құрметті аудан тұрғындары!

Қадірлі медицина саласының қызметкерлері!

Сіздерді маусым айының үшінші жексенбісінде келіп жеткен медицина қызметкерлерінің төл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, халық денсаулығының түзеуші дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Бүгінгі таңда халқымыздың денсаулығын жақсарту-еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Елімізде денсаулық саласын дамыту, тұрғындарға заман талабына сай, қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсету жолында бар мүмкіндіктер жасалуда. Медицина саласының мамандары дәрігерлік антқа адалдық танытып, асқан шеберлікпен адам өміріне араша түсіп жүрген бүгінгі күннің бағыттары. Адамзаттың амандығына, елдің салауатты өмір салтын ұстануына, әрбіріміздің саулығымызға жауапкершілікпен қарауға сеп болып жүрген ақ желеңді жандар қандай мәртебеге болсын әбден лайық. Денсаулық қорғаны, халық жанының сақшысы, мейірім мен ізгілік жаршысы атанған өздеріңіздей абзал жандардың еңбегін ерқашан ерекше бағалаймыз!

Ардақты ақ желеңді абзал жандар!

Ерен еңбектеріңіз бен мейірімді жүректеріңізге алғысымыз шексіз. Әрқашанда еңбектеріңіз халыққа қуаныш сыйлап, барлық бастамаларыңыз оңынан болсын. Алдағы уақытта да аудан халқының амандығы мен халық денсаулығын жақсарту бағытында жемісті еңбек етіп, кәсіби біліктіліктеріңіздің арқасында биік белестерден көріне беріңіздер. Егемен еліміздің аспаны ашық, бейбіт өмірі баянды болсын! Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз!

**Ізгі тілекпен:
М.ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі,
О.ЖӘМИЕВ,
аудандық мәслихат
төрағасы.**


Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында осы жылдың қаңтар-мамыр айларындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы және республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары қаралды.

Кез келген апаттың алдын алу керек

Үкімет отырысында күн тәртібінен тыс Абай облысындағы ірі табиғи өртке қатысты ахуал арнайы қаралды. «Жағдайды дұрыс бағалап, кез келген апаттың алдын алуға барлық күш-жігерді жұмсау керек», деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы өрт жедел өршіп, бірқатар елді мекенге қауіп төнгенін атап өтті. Осыған байланысты тұрғындар көшіріліп, Семейде жергілікті деңгейде төтенше жағдай режимі енгізілді.

«Үйлестіру штабының отырыстары үнемі өткізіліп тұрды. Өкінішке қарай,



Міндет-халықтың әл-ауқатын арттыру

адамдар қаза тапты. 14 адамнан айырылып қалдық. Үкімет атынан қаза тапқандардың туыстары мен жақындарына көңіл айтамын. Үкімет пен әкімдік тарапынан қаза тапқандардың отбасыларына қажетті көмек көрсетілетін болады», деді Ә.Смайылов.

Отырысқа қатысушылар өрттен қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Премьер-министр Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында қаза болғандардың отбасыларына келесі қолдау іс-шаралары көрсетілетінін айтты:

1.«Қазақстан халқына» қорынан 7 млн теңгеден, сондай-ақ кәмелетке толмаған әрбір балаға 2 млн теңгеден;

2.Отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшесіне (кәмелетке толмаған балаларға) республикалық бюджеттен асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы;

3.Отбасының еңбекке жарамсыз

барлық мүшесіне Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан асыраушысынан айырылу бойынша біржолғы әлеуметтік төлемақы;

4.Қажетті жиһазбен жабдықталған тұрғын үймен қамтамасыз ету;

5.БЖЗҚ-дан жерлеуге арналған біржолғы төлем.

Сондай-ақ несиелерді есептен шығару үшін қаза болған адамдар мен олардың отбасыларының несиелік жүктемесі анықталады. Оған қоса қаза тапқандардың отбасылары мен зардап шеккендерге қолдау көрсетуге арналған қор құрылды.

Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевтың айтуынша, бүгінгі таңда өрттің жалпы ауданы шамамен 60 мың гектарды құрайды, 43 мың гектары – белсенді нүктелер. Елді мекендерге қауіп төніп тұрған жоқ. Өртті сөндіру жұмыстары үш бағытта жүріп жатыр: шығыс бағытта – өртті тоқтату үшін ауыр техникамен орман кесіліп, қалған екі бағыт бойынша –

жету қиын жерлерде өрт тікшақпен сөндіріліп жатыр. Жалпы, өртті жоюға 1 532 адам, 321 техника және 14 тікшақ жұмылдырылды. Үш үй және екі техника өртеніп кетті. Газдан уланған екі орман қызметкері сауығып келеді. Успен орман шаруашылығының қаза болған 14 қызметкерінің отбасыларына көмек көрсету бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

«Далада немесе орманда өрт шыққанда бірінші күні, алғашқы сағаттарда тиісті қадамдарды қабылдау өте маңызды. Мұндайда жағдайды дұрыс бағалап, кез келген апаттың алдын алуға барлық күш-жігерді жұмсау керек», деді Үкімет басшысы.

Премьер-министр елдің ұлттық парктері мен орман шаруашылықтарын өртті ерте анықтау және мониторинг жүйелерімен жарақтандыру жөнінде іс-шаралар қабылдауды, сондай-ақ мемлекеттік органдардың табиғи өртке қарсы әрекет ету алгоритмін қайта қарауды тапсырды.

Ерлікпен қаза тапқан 14 орманшы «Құрмет» орденімен марапатталды

«Семей орманы» резерватының 14 қызметкері «Құрмет» орденімен марапатталды. Бұл туралы Экология және табиғи ресурстар министрлігі хабарлады.

Қызметтік борышын орындау кезінде қаза тапқан «Семей орманы» резерватының 14 қызметкері «Құрмет» орденімен марапатталды.

Мемлекеттік наградаларды қайтыс болған қызметкерлердің туыстарына Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова табыстады.

Сондай-ақ ол қаза тапқандардың отбасыларына барып, көңіл айтып, қайғыларына ортақтасты.



«Созақ үні»-ақпарат.

Атом саласын одан әрі дамытуды талқылады

9 маусымда «Қазатом-энеркәсіп» ҰАҚ АҚ Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті депутаттарының көшпелі отырысы өтті. Іс-шараға сондай-ақ мемлекеттік органдардың өкілдері де қатысты. Отырыстың тақырыбы атом

тиесілі екенін атап өтті. «Біздің қызметкерлеріміздің қауіпсіздігі мен денсаулығы және өндірістік қызметтің қоршаған ортаға әсерін азайту әрқашан Қазатом-энеркәсіптің басты басымдықтары болған және болып қала береді. Біз табиғатты қорғау іс-шараларына және еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қау-



саласының өзекті мәселелерін талқылау және ұлттық атом компаниясының қызметін одан әрі жетілдіру болды.

Қазатом-энеркәсіптің Басқарма төрағасы Ержан Мұқанов депутаттарға атом холдингінің ағымдағы қызметі мен даму жоспарлары туралы айтып берді. Парламентшілер атом өнеркәсібінің соңғы жетістіктерін көрсететін көрме экспозициясымен танысты. Ядролық отын циклінің негізгі кезеңдері—уран өндіруден бастап жылу бөлетін құрамаларды дайындауға дейін таныстырылды.

Сенат комитетінің төрағасы Сүйіндік Алдашев Қазатом-энеркәсіп 2022 жылдың қорытындысы бойынша әлемдегі уран өндіретін ең ірі өндіруші болып қала беретінін, оның үлесіне уран өндірудің әлемдік көлемінің шамамен 22%-ы

іпсіздік бағдарламаларын іске асыруға қомақты қаражат саламыз. Атом холдингі сондай-ақ өзінің қатысатын өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, сондай-ақ олардың инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аударады. Компания жергілікті халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша жұмысты жалғастырады»,—деді Қазатом-энеркәсіптің Басқарма төрағасы Ержан Мұқанов.

Кездесуді қорытындылай келе, депутат Сүйіндік Алдашев Сенат Комитеті Қазатом-энеркәсіп пен Қазақстанның жалпы атом саласы қызметінің тиімділігін одан әрі арттыруға бағытталған бірлескен жұмыс пен ұсыныстар үшін ашық екенін атап өтті.

Нұржамал МАЙУСОВА.

«Даму» Қоры арқылы несие пайызын төмендетуге мүмкіндік!

«2021-2025 жылдарға арналған ұлттық кәсіпкерлікті дамыту жобасы»—«Даму» қоры жүзеге асырып жатқан кәсіпкерлікті қолдаудың ең танымал бағдарламасы.

Бағдарлама шарттарына сәйкес, кәсіпкерлер несие бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепілдік қамтамасыз етудің жетіспеушілігін өтеуге көмектесетін кепілдік беру түріндегі мемлекет тарапынан қолдауға сене алады.

Ұлттық жоба бағдарламасы бойынша кәсіпкерлер мемлекеттік қолдау — субсидиялар арқылы жобалық қаржыландыруды ала алады. Несиенің максималды сомасы және мемлекеттік субсидиялар мөлшері жобаның орналасқан жеріне байланысты.

Жобаларын экономиканың басымдық берілген секторларында жүзеге асыратын кәсіпкерлер «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба» бағдарламасы аясында субсидия мен кепілдік ала алады.

Субсидия шарттары:
-Мерзімі — 5 жылға дейін

-Несиенің максимал сомасы: 3 млрд теңгеге дейін
-Субсидия көлемі: 13,75%*
-Кепілдік шарттары:
-Мерзімі — несие мерзімінен аспайды
-Максимал сомасы: 1 млрд тг дейін
-Кепілдік мөлшері: 85%-ға дейін

Бағдарламаның толық шарттарымен <https://damu.kz> сайтымыздан танысуға болады. Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда колл-орталыққа 1408 нөмірін теріп (тегін) хабарласуға да мүмкіндік бар.

Несие бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендету үшін кәсіпкерлер банкке несие рәсімдеу керек, содан кейін несиеңіз мақұлдауын алғаннан кейін «Даму» Қорына өтінішпен жүгінеді.

Осы бағдарлама туралы және басқа мемлекеттік кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары туралы толық ақпаратты damu.kz веб-сайтынан және Түркістан қ., Жаңа қала мөлт. ауд., 28 көш., 5 ғим. Тел. +7 (7252) 99-70-49 алуға болады.



Кеңес отырысы өтті

«АМАНАТ» партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы «Отбасы және әлеуметтік қорғау мәселелері» жөніндегі кеңес отырысы өтті. Кеңес отырысын «АМАНАТ» партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы «Отбасы және әлеуметтік қорғау мәселелері» жөніндегі кеңес төрағасы Қосмамбетов Ержан Төлебекұлы ашып, жүргізіп отырды. Жиынға кеңес мүшелері, депутаттар, облыстық бақарма басшылары мен қоғамдық бірлестік өкілдері және БАҚ өкілдері қатысты.

«АМАНАТ» партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы «Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері» жөніндегі аймақтық кеңес облыстық партия филиалы жанындағы консультативтік-кеңес органы болып табылады. Кеңестің негізгі мақсаты партияның Түркістан облысы бойынша 2023 - 2027 жылдарға «Халықпен бірге!» Сайлауалды бағдарламасының «Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдау», «Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» және «Қолжетімді сапалы медицина» бағыттары бойынша іске асырылуын бақылау және қадағалау, сондай-ақ отбасының, әйелдер мен балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету, мемлекеттік

және қоғамдық институттармен өзара әрекет етіп, олардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру болып табылады. Күн тәртібінде 2 мәселе қаралды:

1) «АМАНАТ» партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы «Отбасы және әлеуметтік қорғау мәселелері» жөніндегі кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын талқылап, бекіту туралы және «АМАНАТ» партиясының Түркістан облысы бойынша Сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасының «Қолжетімді сапалы медицина» және «Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдау» бағытында айқындалған міндеттердің орындалуы туралы.

Жиын барысында кеңес мүшелері тарапынан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен облыстық денсаулық сақтау басқармасына сайлауалды берген уәделердің орындалуы және медицина саласындағы құрылысы жүріп жатқан нысандардың сапасына мін беруді ұсынды. Айта кетсек, Түркістан облысында 95229 мүгедектігі бар адамдар есепте тұр. Республика бойынша бұл көрсеткіш 14 пайызды құрайды. Оның 83 173 ересектер болса, 12 056 мүгедектігі бар балалар.

Бүгінгі күні, облыс бойын-

ша аудан, қалаларда қоқанда жалпы 43 инвакси мен 50 әлеуметтік таксилер қызмет көрсетуде. Облыс бойынша 2023 жылға әлеуметтік инфрақұрылым бойынша 776 нысанды бейімдеу бойынша жұмыстар жүргізу жоспарланған. Бүгінгі таңға соның 581 нысаны бейімдеу шараларымен қамтылды. Сонымен қатар, жалпы сайлауалды бағдарламада 2027 жылға дейін 28 жаңа денсаулық сақтау нысаны пайдалануға беру жоспарланса, оның 10 нысаны 2024 берілмек.

Сонымен қатар, балалардың жазғы демалыс уақытысын жазғы сауықтыру лагерлерінде сапалы әрі тиісті дәрежеде демалуына қатаң бақылау қажеттілігі туралы облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасына ұсынылды. Жиын барысында аталған мәселелер толық талқыланып, біршама қатысушылар ойларын ортаға салды, пікірлерін айтты. Барлық тақырыптардың өзектілігі ашылып, жан-жақты талқыланды. Жиналыс барысында айтылған ұсыныс-тілектердің барлығы хаттамаға енгізіліп, алдағы уақытта кеңес мүшелері тарапынан қосымша жолданытын болады.

**«АМАНАТ» партиясы
Түркістан облыстық филиалының баспасөз қызметі.**

Алаяқтан сақтаныңыз!

Алаяқтық қоғамға қауіптілігі—бұл алдау немесе сенімге қиянат жасау нәтижесінде болатын қылмыс деп түсінуге болады. Пайда күнемдік қасиеттер адамдар арасында кең тараған, алдау мен жалған мәлімет айту қазіргі күні қиынға соқпайды. Алаяқтық—бұл жәбірленушіні алдап, пайда алу тәсілі. Қазіргі таңда алаяқтықты ауыр қылмыстар қатарына жатқызуға болады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190-бабына сәйкес алаяқтық - алдау және сенімге қиянат жолымен бөтен мүлікті ұрлау болып табылады.

Алаяқтықтың жайғана мысал келтіретін болсақ: Алаяқтық кезінде алдау ауызша, жазбаша түрде болады. Алдау бөтен мүлікті жымқыру немесе бөтен мүлікке құқықты иемдену мақсатында алаяқтық жасау тәсілі болып табылады.

Алаяқтықтан сақтану үшін төмендегі мәнжайларды сақтау керек:

- Бетпе бет кездеспеген адамға ешқашан ақша жіберуші болмаңыз.

- Онлайн жарнамаға жауап ретінде ақша жіберген кезде абай болыңыз.

- Несие немесе несие картасының алымдары, кедендік немесе жеткізу төлемдері үшін ақша жібермеңіз.

-Көше мекен жайы расталмаған мекемелерден күдіктеніңіз.

Жеке адамға ақша аудару арқылы зат немесе қызмет үшін төлем жасамаңыз.

Тек сақтық қана адамды ақшасын алаяқтың қолына ұстаудан аман алып қалатынын ұмытпауымыз қажет, себебі сақтансаң сақтаймын деген.

**Ақнұр ИСАЕВА,
Аудан әкімі аппараты
заң бөлімінің бас маманы.**

